




Заңғар жалпы орта білім беру мектебі





МЕН –өз Отанымның Патриотымын

Бастауыш сынып мұғалімі: Бердиярова А.Г



2018 жыл



Сабақтың мақсаты:

1. Отанды сүйуге, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыруға, халқымыздың салт-дәстүрін сақтап, әрі қарай жалғастыруға, болашақта Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді адам керек екенін түсіндіру, оқушылардың сөйлеу мәдениетін, тілдерін дамыту.

2. Оқушыларды ұлтжандылыққа, инабаттылыққа, достыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Оқушыларда тұлғаның азаматтық қасиеттерін қалыптастыру;
- Қоршаған ортаға деген төзімділігін тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: пікірталас, сұхбат, ой қозғау, талдау, зерттеу..

Сабақтың көрнекілігі: «Қазақстан-2050 Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» плакаттары; «Менің Отаным – Қазақстан», «Мен – Қазақстан азаматымын», «ҚР Конституциясы»; шарлар, гүлдер, интербелсенді тақтадан оқушылардың бойында патриоттық сезімді оятатын әр түрлі слайдтар, мемлекеттік рәміздерді көрсету.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Интербелсенді тақтадан оқушылардың бойында патриоттық сезімді оятатын әр түрлі слайдтар, мемлекет рәміздерін көрсету.

Міндеттері:

1. Оқушылардың «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін жүзеге асырудағы белсенділігін қалыптастыру және арттыру;
2. Жаңа Қазақстандық Отаншылдықты нығайту;
3. Білім алушылардың Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарында жеткен жетістіктері мен табыстары туралы білімдерін тереңдету, ой-өрістерін кеңейту;

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында:
«Біз Қазақстанның барлық азаматтарының
отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін
дамытуға тиіспіз» деп атап өткен болатын.

- Қазақстанның патриоты дегеніміз:
- 1. Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарап, шын ниетімен қадірлеуі.
- 2. Қазақстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болуы.
- 3. Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық патриоттық мақтаныш сезімінің болуы.
- 4. Қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға ынталы болуы

Қымбатты балалар, мен сендерді алғашқы оқу күнімен, Білім күнімен құттықтаймын. Сендерге жаңа жаңалықтар, жаңа білім, жаңа табыстар мен жетістіктер тілеймін. Көңіл-күйлерің көтеріңкі болсын! Сәт-сапар! Міне, жазғы демалыс та аяқталып, алғашқы қоңырау соғылды.

Балалар, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Мен өз Отанымның патриотымын». Неге біз бұлай айта аламыз? Себебі, «бір халық, біртұтас ұлт» - бұл барлығымызға ортақ ұлттық мүдделер. «Бір халық» – бұл біз бірге өткен қиындықтар мен жеңістер! Бұл біздің ортақ келешегіміз – игілікті және өсіп- өркендеген Қазақстан! Мұның барлығы – Стратегияны табысты жүзеге асыру үшін біртұтас қоғам керек деген сөз. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдарда Қазақстан жаңа тәуелсіз мемлекеттер үшін ұлттық жетістіктің үздік үлгісі бола алды. Бұл – барлық қазақстандықтардың еңбексүйгіштігі мен бірлігінің нәтижесі.

– Біздің барлығымызды, барлық ұлттың адамдарын маңызды ұғымдардың бірі біріктіреді: БІЗ – Қазақстан халқы. Біз біртұтас елміз және біздің күшіміз бен жетістігіміз осында. Біз өз Еліміздің Патриотымыз.

Балалар, енді Қазақстан туралы не білетінімізді тексерейік. Кішігірім сұрақ-жауап өткізейік.

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері (Ту, Елтаңба, Әнұран)
2. Ұлттық валюта (Теңге)
3. Ақындар жарысы (Айтыс)
4. Қазақстан Республикасының тұңғыш ұшқыш-ғарышкері (Т. Әубәкіров)
5. Қазақ фольклоріндегі, халық ертегілеріндегі әзіл әңгімелер кейіпкері (Алдар көсе)
6. Қазақтардың ұлттық үйлері (Киіз үй)
7. Мұсылмандардың қасиетті кітабы (Құран)
8. Ұлттық сусын Қымыз т.б.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев тек Елбасы
ғана емес, ол-білгір саясаткер!
Ол-қоғам қайраткері
Ол-нағыз патриот
Ол-дарынды адам!
Біздің президент еліміздің болашағын
жастармен байланыстырады.



Біз-тарихта теңдесі жоқ алыппыз
Біз-күштіміз күштілердің бәрінен
Біз-сөнбейтін күн тәрізді жарықпыз!

1465 2015



ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ 550 ЖЫЛ

ПЛАМЕННЫЙ ПАТРИОТ



***Кайрат
Рыскулбеков***



Олжас Омарұлы Сүлейменов


Қазақ ақыны, тілтанушы,
саясаткер, ядролық қару-
жарақтарды жаппай қолдануға
қарсы тұрушы, Төтенше және
Өкілетті Елші.

Отанымыздың белгілі ұлдары





XXI ғасыр- Қазақстанның



«Алтын ғасыры» боларына
сенеміз.

• Мәңгілік Ел – бұл мәдениет пен тарихтың, тілдің орталығы



не, бір адамға бүйікті ұстаптың, туган еліңнің қымбат еш нәрсе жоқ.

Мен де Қазақстанымды адал, сәби бала жүрегіммен мақтан етемін.

- Мен - қазақтың патриоты, мен болам,
- Мен - мен қазақстандықпын, менікі бұл - жер, далам.
- Мен - қазақтың патриоты, мен болам,
- Сенімменен қарап отыр ел маған.



Оқушылармен сұхбат

- Сіз өзіңізді патриотпын деп айта аласыз ба?
- Мен әрине, өзімді патриотпын деп санаймын. Әрбір қазақпын деген азамат, ол өз елінің патриоты болуы тиіс деп ойлаймын. Сол секілді мен де өзімді патриотпын деп толық айта аламын.



Патриоттық ұғымды қазіргі уақытта қалай ұғынасыз?

Ж: -Қазіргі уақытта патриоттық деген, меніңше, бірінші орында елге, Отанға,туған жерге, тілге деген құрметтен басталады. Мен Патриотпын деген жастар -ұлтымызды, мәңгілік жерімізді, ана тілімізді, Ұлы Дала Елін қорғай біледі .



Біз – Үлкен ел, - Үлкен Отбасымыз

Мәңгілік ел – бұл зайырлы мемлекет және жоғары руханият



Мәңгілік ел – бұл Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы Мен Қазақстандықыпын



Біз – патриотпыз!

Біз-тәуелсіздік тірегіміз!



Назарларыңызға рақмет!

